

ӘОЖ 94:32] (574)

Ә.А. АМАНГЕЛДІ, Ә.А. ӨСКЕМБАЙ

С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік университеті,
Өскемен қ., Қазақстан

**ЕЛБАСЫ Н.Ә. НАЗАРБАЕВТЫҢ БАСТАМАСЫМЕН
ҚОЛҒА АЛЫНҒАН БІЛІМ САЛАСЫНДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР**

Мақалада Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың бастамасымен қолға алынған білім алу жолындағы бағдарламаларға талдау жасалады. Елбасының білім саласын дамытуға арналған еңбектері, әсіресе «Болашақ» бағдарламасының жүзеге асуы туралы мәселелер көтеріледі. Мақалада, сонымен қатар «Назарбаев интеллектуалдық мектебі» және «Назарбаев университетінің» құрылуы және дамуы жайлы жан-жақты қарастырылады.

Түйін сөздер: Зияткерлік, грант, Болашақ, ВГЕРТ емтиханы.

**ИЗМЕНЕНИЯ, ИНИЦИИРОВАННЫЕ ПРЕЗИДЕНТОМ
Н.А. НАЗАРБАЕВЫМ В ОБЛАСТИ ОБРАЗОВАНИЯ**

В этой статье сделан анализ программы образования, созданной по инициативе Президента Республики Казахстан. Поднимается вопрос деятельности Главы государства в области развития образования, в особенности по реализации программы «Болашақ». Также всесторонне рассматриваются вопросы создания и развития «интеллектуальной школы Назарбаева» и «университета Назарбаева».

Ключевые слова: Интеллектуальный, грант, Болашақ, экзамен ВГЕРТ.

**THE INITIATIVE THE QUALITY OF KNOWLEDGE
CHANGES BY PRESIDENT N.A. NAZARBAEV**

This article analysis the education program, initiated by the activities the Head of State. It raises the question of the activities of the Head of State in the field of education development in particular, for the implementation of «Bolashak» program also, thoroughly discusses the great ion and development of «Nazarbayev University» and «Nazarbayev intellectual schools»

Keywords: Intellectual, grant, future, Bolashak, examination ВГЕРТ.

Еліміз Тәуелсіздік алған жылдардан бастап білім саласында біршама өзгерістер мен қайта құрулар жүзеге асырылуда. Себебі Қазақстан Тәуелсіздік алған жылдардан бастап, дүниежүзілік білім беру стандартына сәйкес білім беру жолына көшіп отыр. Біз қазіргі заманға сай тез дағдылана алатын әлемнің қай түкпірінде болса да өз білімімен қызмет атқаратын мамандарды даярлап шығаруымыз қажет. Біздің өмір сүріп отырған ғасырымыз – білім мен ғылымның жетілген ғасыры.

Осы бастаманы өз қолына алған Елбаса жастардың сапалы білім алуы үшін барлық жағдайларды жасап, осы игі істердің ұйымдастырушысы болып отыр.

Оған дәлел, еліміздің дарынды жастарын қолдау мақсатындағы «Болашақ» бағдарламасы, еліміздің түрлі облыс, қалаларында ашылған Назарбаев зияткерлік мектептері, Назарбаев университетінің ашылуына Елбасы қолдау көрсеткен.

«Болашақ» – Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың халықаралық білім беру шәкіртақысы болып табылады.

Бағдарламаның алға қойған мақсаты – экономиканың болашағы бар салаларына маман, кадрларды даярлау. Бағдарлама аясында, сонымен қатар әлемнің алдыңғы қатарлы жоғары оқу орындары, компанияларында ғылыми дәреже алу, іс-тәжірибеден өту де жүргізіледі.

«Болашақ» халықаралық шәкіртақысы 1993 жылы 5 қарашасында Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың жарлығымен енгізілді. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары елімізге жоғары білікті мамандар қажет еді, олар кейінгі реформаларды жүзеге асыруы болатын. Посткеңестік жүйеде еліміздің дарынды жастары шетелде білім алуға мүмкіндік алды.

Қазақстан Республикасының Министрлер кабинетінің 1993 жылғы 13 желтоқсандағы №1245 жарлығымен шетелде кадрлар даярлайтын Республикалық комиссия құрылды.

1994 жылы бір топ қазақстандық студенттер шетелде білім алуға аттанады.

1997 жыл еліміздің дамуындағы маңызды кезең еді. Елбасы «Қазақстан-2030» даму бағдарламасымен таныстырады. Бағдарлама тиімді де сәтті орындалуы үшін «Болашақ» бағдарламасына да өзгерістер енгізілді. Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылдың 3 наурызындағы №3375 жарлығымен бағдарлама арқылы оқуын аяқтаған шәкіртақы иелерін мемлекеттік органдар мен ұйымдарға орналастыру жөнінде шешім қабылданды [1].

Білім алу бағдарламасындағы алпақтықты жою да қаралды. 1994-1997 жылдары шәкіртақы негізінен Қазақстанның экономика мен гуманитарлық факультетінің түлектеріне беріліп келді, оған басты себеп, техникалық жоғары оқу орындарында оқу бағдарламасына сай шет тілі аз оқытылатын еді.

Алғашқы жылдары шәкіртақыны жеңіп алғандар АҚШ, Ұлыбритания, Германия, Франция сынды төрт елде ғана білім ала алды. Кейін байланыс аясы кеңейіп өзге де шетелдік университеттерде де білім ала бастады.

2000 жылдан бастап Қазақстан Республикасы Президентінің жарлығымен инженер техника білім саласы бойынша байқауға өтініш білдірушілер қандай да бір шет тілін еркін білуі талабы алынып тасталынды.

2005 жылы Елбасы өзінің халыққа Жолдауында әр жыл сайын жас және дарынды үш мың адамға әлемнің алдыңғы қатарлы жоғары оқу орындарында білім алуға мүмкіндік берілетінін айтты.

Алға қойылған мақсаттарға жету үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 4 сәуірдегі №301 шешімімен «Халықаралық бағдарламалар

орталығы» акционерлік қоғамы құрылды.

2008 жылдан бастап ғылыми және педагогика саласындағы қызметкерлерге ғылыми іс-тәжірибеден өтуге, ауыл жастары, мемлекеттік қызметкерлер, ғылыми және педагогика саласындағы қызметкерлер үшін квоталар бөлінді.

Бағдарлама аясында алатын білім сапасын жоғарылату үшін шетелдегі алдыңғы қатарлы жоғары оқу орындары, ғылыми орталықтары мен зертханаларының саны қысқартылды.

2011 жылдан бакалавриат бағдарламасы бойынша оқыту тоқтатылды. 1993-2013 жылдары «Болашақ» халықаралық шәкіртақысы арқылы 10 346 қазақстандық әлемнің 33 елінің 200 алдыңғы қатарлы жоғары оқу орындарында білім алуға мүмкіндік алған еді.

2001 жылы болашақтықтар өздерінің Ассоциациясын құрады [1].

Шәкіртақыны алу үшін байқаудан өту қажет. Ізденуші аттестаты немесе дипломының орташа балы жоғары болуы керек және мемлекеттік, сонымен қатар шетел тілін білуі тиіс. Бірінші кезеңде барлық құжаттардың сәйкестігі тексеріледі, содан шетел тілі мен мемлекеттік тілді білуі бойынша тест тапсырылады. Қазақ тілін білу деңгейі TOEFL ұқсас Қазтест арқылы тексеріледі. Тілдерді білетіндігі жөнінде тестіні сәтті тапсырған соң байқауға қатысушы жоғары оқу орындарының өкілдері, Білім және ғылым министрлігінің пенеуіктері және психологтармен әңгімелесу кезеңінен өтеді.

«Болашақ» бағдарламасы бойынша білім алып келген жастардың 74% мемлекеттік органдарда жұмыс істеуге өтініш білдірген. «Болашақ» бағдарламасы тарихында 68 адам оқуын ойдағыдай оқи алмағаны үшін жұмыстан шығарылса, 47 шәкіртақы иелері елге қайтпауды жөн санаған.

Назарбаев зияткерлік мектептері – ғылым, экономика, саясат саласындағы дарынды балаларды оқытуға арналған Қазақстандағы зияткерлік мектептер жүйесі. Бұл мектептерде үш бағыт бойынша білім беріледі: физика-математика, химия-биология, Астанадағы зияткерлік мектепте The International Baccalaureate оқыту бағдарламасы.

Білім саласында заманауи басқаруды енгізу үшін, академиялық дербестік пен автономиялықты дамыту мақсатында 2011 жылы 19 ақпанда «Назарбаев университеті», «Назарбаев зияткерлік мектептері», «Назарбаев Қоры» дәрежесін бағдарлау үшін Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды. «Назарбаев зияткерлік мектебі» біздің Өскемен қаласында да ашылып, қаншама шәкірттерге сапалы білім беруде.

Ережеге сай, Қазақстан Республикасы Бірінші президентінің 2009 жылдың 14 наурызында бекітілген «Өркен» білім беру грантын байқау негізінде Республикалық комиссия тағайындайды.

Байқауға Назарбаев зияткерлік мектептерінде 7-11 (12) сынып оқуға

өтініш білдіргендер қатысады. Байқауға өтініш білдіргендердің әлеуметтік-экономикалық, тұрғылықты және денсаулық жағдайына мән берілмейді, байқауға қатысушының барлығы тең.

Байқау екі кезеңнен тұрады. Бірінші кезеңде байқауға қатысушы мектептің сәйкес бағыты бойынша бейіндік пәндерден, қазақ, орыс, ағылшын тілдерінен тест тапсырады. Жүйелі тестілеуден соң екінші кезеңге өтетіні белгілі болады. Екінші кезеңге 40% және одан да жоғары ұпай жинағандар қатыса алады. Екінші кезеңде бейіндік пәндер бойынша жазбаша емтихан алынады. Мәліметтерді саралаған Республикалық комиссия байқауда анағұрлым жоғары ұпай жинағандарға грант бөледі. Комиссия Білім министрлігінің қызметкерлерінен және басқа да қызығушылық танытқан мемлекеттік органдар мен ұйымдардың, білім саласында қызмет ететін республикалық қоғамдық бірлестіктердің өкілдерінен құрылады. Комиссия төрағасы – Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі.

Байқауға қатысушылар екінші кезеңде мүмкін боларлық ұпайдың 30 және одан жоғары пайыз жинағандары бос орын жоқ болғандықтан мектептің қордағы тізіміне тіркеледі. Егер жыл көлемінде орын босай қалған жағдайда осы тізімдегі үміткер білім ала алады. Қор тізіміне кірген тапсырушыларға бір жыл көлемінде қосымша байқаусыз грант беріледі. Қордағы тізімде тұрған балаға гранттың берілгендігі туралы шешім хаттамаға комиссия қол қойған мерзімнен бастап 5 күннің ішінде интернет-ресурста жарияланады.

Егер байқау немесе қордағы тізімде тұрған үміткерлердің ұпайлары тең болған жағдайда:

- соңғы оқу жылындағы оқу табелінің орташа бағасына;
- бірінші кезеңде жоғары ұпай жинаған үміткерге басымдылық беріледі.

Оқушыларды іріктеп алудағы серіктестердің қатарына – Педагогикалық өлшемдер институты (cito), Нидерланды және АҚШ-тың Дарынды балалар орталығы жатады. Аталған ұйымдар оқушыларды байқау нәтижесінде пәндік білімдерді қалай игергенін, сонымен қатар жаратылыстану-математика саласына бейімділіктерінің барлығын білу үшін психометриялық өлшемдерін іріктеп алады. Аталған ұйымдардың бұл сала бойынша тәжірибелері мол, көптеген елдермен байланыс жасайды.

Назарбаев Университеті – инновациялық зерттеу қызметін жүргізуге бағытталған қазіргі заманға сай, күшті ғылыми инфрақұрылымы бар университет болуды мақсат етіп отыр. Университетке ең үздік ұлттық және халықаралық зерттеушілер шақырылады, оларға шығармашылық қызметті жүзеге асыру үшін барлық қажетті жағдайлар жасалады.

Қазақстан Республикасының Президенті 2009 жылы халықаралық деңгейдегі университет құру туралы жобаға бастамашылық етті. 2010 жылы

Назарбаев Университетінің есігі алғашқы студенттерге ашылды.

Қазақстан Республикасының премьер-министрінің төрағалығымен 2009 жылғы 17 қазанда өткен «Астананың жаңа университеті» АҚ Директорлар кеңесінің бірінші қатысу тәртібімен отырысында 2010-2012 жылдарға арналған университетті дамыту стратегиясы бекітілді.

Ашылатын университеттің академиялық және ғылыми саясаты университеттің құрамына кіретін мектептердің (институттардың) әрқайсысы әлемнің жетекші жоғары оқу орындарының санынан шетелдік академиялық серіктестің және күшті ғылыми, клиникалық пен өндірістік базасының болуын жоспарлайды. Бұл елдің индустриалдық-инновациялық даму мақсаттарын шешу үшін білім, ғылым және өндірістің арасындағы өзара байланысты қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

«Астананың жаңа университеті» жобасын іске асыру жас қазақстандықтарға елден тыс шықпай-ақ әлемдік стандарттарының деңгейінде білім алуға мүмкіндік береді. Бұл ұсынылатын академиялық бағдарламалардың сапасына, профессор-оқытушылар құрамына, материалдық-техникалық базасына, оқыту әдісіне, зерттеу қызметін жүргізу деңгейіне қатысты.

«Жаңа Университеттің аясында Астанада үш жаңа ғылыми орталық құрылатын болады. Өмір туралы ғылымдар орталығы органдарды, жасанды жүрек пен өкпені қондыру, дінге тік жасуша және ұзақ өмір сүру саласында әлемдік жетекші ғылыми орталықтармен бірлескен әзірлемелерді жүргізеді. Энергетикалық зерттеулер орталығы қайталанба энергетика, жоғары энергиялар физикасы мен техникасы мәселелерімен айналысатын болады. Пәнаралық аспаптық орталық инжиниринг орталығы, зертханалық база және конструкторлық бюро болып табылады».

Еліміздің ең ерекше оқу орны – Назарбаев университеті Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасы бойынша құрылған жаңа университет. Университет миссиясы – Қазақстанда білім мен ғылыми-зерттеу қызметінің дамуына мүмкіндік беру, сонымен қатар Астананың Еуразия орталығында зерттеу және білім беру орталығын қалыптастыру.

Университет өзіндік білім стандарттары бойынша жұмыс істейді. Әлемнің түкпір-түкпірінен жиналған атақты профессорлар дәріс береді.

Жаңа университет Астананың сол жағалауында қаланың экологиялық таза бөлігінде орналасқан.

Университеттің сәулеті қазіргі заманға және үздік батыс стандарттарына сай. Барлық оқу ғимараттары бір-бірімен ортақ атриум және ішкі өту дәліздер арқылы байланыстырылған, бұл кешеннің тұтастығын және сәулеттің ерекшелігін көрсетеді. Зертханаларға және басқа ғимараттарға қызмет көрсету бас ғимараттың құрылысының сыртындағы айналма жол арқылы жасалады.

Жаңа университет, өзінің жобалық көлемдігіне байланысты пайдалануға бірнеше кезеңімен немесе кезекшілікпен қосылады.

Университеттің миссиясына жетуге бағытталған мақсаттар: Ғылым мен технологияда жаңа тенденцияларды құруға және дамытуға қабілетті профессионалдардың жаңа ұрпағын қалыптастыру; Білімге негізделген ұлттық экономиканың тұрақты және оны жан жақты дамуына ықпал ететін білім, ғылым және өндіріс интеграциясының моделін құру; Оқу бағдарламаларын интернационалдандыру және әлемдік жоғары оқу орындарымен серіктестік қарым-қатынас арқылы әлемдік білім сезімін қалыптастыру; Білім алу үшін жағдайларды қамтамасыз ететін қазіргі заманға сай технологиялық инфрақұрылымын құру; Әлемдік университеттермен және ғылыми орталықтармен бірлескен ғылыми зерттеулерді өткізу; Әлеуметтік профессорлық-оқытушылардың құрамын құру және отандық оқытушылардың мүмкіндіктерін арттыру; Университеттің ұлттық және халықаралық беделін құру [2].

Назарбаев университеті әлемдегі алдыңғы қатарлы университеттермен терезесі тең жоғары оқу орнына айналады, нәтижесінде шетелдерге қаражатымызды шашпай-ақ өз елімізде сапалы маман-кадрларды әзірлеп шығарамыз деген мақсат қойылды.

Елімізде сапалы білім беру және ғылымға кіріктірілген экономика саясаты қолға алынуда, болашақта өзіміз инновацияға негізделген ғылымымыздың арқасында әлемде теңдесі жоқ өнімдер шығару арқылы алыс-жақын шетелдердің рыноктарын жаулап аламыз деген сенімдеміз.

Елбасының алдына қойып отырған міндеттерінің бірі барлық қазақстандықтардың әлемдік деңгейдегі білім алуларына жан-жақты қолдау көрсету болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Видова О. Нурсултан Назарбаев. Портрет человека и политика / О. Видова. – Алматы, 1998.
2. Джунусова Ж.Х. Республика Казахстан: Президент. Институты демократии / Ж.Х. Джунусова. – Алматы: Жеті Жарғы, 1996.
3. Майлыбаев Б.А. Институт Президента: традиции демократического конституционализма и опыт Республики Казахстан / Б.А. Майлыбаев. – Алматы: Комплекс, 1998.
4. Сапарғалиев Г.С. Основы государства и права РК / Г.С. Сапарғалиев. – Алматы: Білім, 1997.
5. Назарбаев Н.А. В потоке истории / Н.А. Назарбаев. – Алматы: Атамұра, 1999.
6. Горовиц В.С. Различия демократий / В.С. Горовиц, Л. Дональд // Век XX и мир. – 1999.
7. Ертысбаев Е.К. Казахстан и Назарбаев: Логика перемен / Е.К. Ертысбаев. – Алматы: Жеті Жарғы, 2001.

REFERENCES

1. Vidova O., *Nursultan Nazarbaev. Portret cheloveka i politika. Almaty, 1998 (in Russ)*.
2. Dzhunusova Zh.H., *Respublika Kazahstan. Prezident. Instituty demokratii. Almaty. ZhetiZhargy, 1996 (in Russ)*.
3. Majlybaev B.A., *Institut Prezidenta, tradicii demokraticeskogo konstitucionalizma i opyt RespublikiKazahstan Almaty. tipografija Kompleks, 1998 (in Russ)*.
4. Sapargaliev G.S., *Osnovy gosudarstva i prava RK Almaty, Bilim 1997 (in Russ)*.
5. Nazarbaev N.A., *V potoke istorii. Almaty. Atamura, 1999 (in Russ)*.
6. GorovicV.S., *Donal'd L. Razlichija demokratij. Vek XX i mir, 1999 (in Russ)*.
7. Ertysbaev E.K., *Kazahstan i Nazarbaev. Logika peremen Almaty, Zhetizhargy, 2001 (in Russ)*.

ӘОЖ 338.43(574)

А.Б. БЕДЕЛҚАНОВА, Т.А. АБЫЛҒАЙХАНОВА

С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік университеті,
Өскемен қ., Қазақстан

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ШАРУА ҚОЖАЛЫҚТАРЫНЫҢ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ

Мақалада шаруа қожалықтарының басқа құрылымдарға қарағандағы ерекшеліктері қарастырылған. Сонымен қатар шаруа қожалықтарының нарықты экономикадағы негізгі іс-әрекеттері көрсетілген.

Түйін сөздер: шаруа қожалығы, кәсіпкерлік, экономика, инновация, кооператив, технология.

СОВРЕМЕННОЕ СОСТОЯНИЕ КРЕСТЬЯНСКИХ ХОЗЯЙСТВ КАЗАХСТАНА

В статье рассмотрены особенности крестьянских хозяйств по сравнению с другими формированиями. А также показаны основные виды деятельности крестьянских хозяйств в рыночной экономике.

Ключевые слова: крестьянское хозяйство, предпринимательство, экономика, инновация, кооператив, технология.

CURRENT STATE OF COUNTRY FARMS OF KAZAKHSTAN

In article features of country farms in comparison with other formations are considered. And also it is shown primary activities of country farms in market economy.

Keywords: country economy, business, economy, innovation, cooperative, technology.

Елбасы Н.Ә. Назарбаев «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауында: «Агроөнеркәсіп кешенін серпінді дамыту мәселелеріне айрықша көңіл бөліп, еліміздің алдына маңызды міндеттер қойып отыр. Бұл міндеттердің уақтылы әрі сапалы орындалуы еліміздің ауыл шаруашылығы саласында еңбек өнімділігін артты-